

Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 650 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 сәуірдегі № 260 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.04.2016 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 196 бұйрығын қараңыз.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасы бекітілсін.

2. «Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 мамырдағы № 381 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 17, 161-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	21 мамырдағы
№ 650 қаулысымен	
бекітілген	

Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының азаматтарын жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 1 және 14-баптарына сәйкес әзірленді.

2. Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқытудың мақсаты халықты азаматтық қорғаныс іс-шараларына тарту және соғыс жағдайы енгізілген кезеңде Қарулы Күштерді жасақтау үшін қажетті контингент даярлау болып табылады.

3. Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту жөніндегі іс-шараларды бақылауды жергілікті әскери басқару органдары арқылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасында азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқытуға м ы н а л а р т а р т ы л а д ы :

1) он алты жастан бастап қоса алғанда алпыс жасқа дейінгі ерлер;

2) сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) және офицерлер құрамдарының балалары жоқ немесе балалары он жастан асқан, он сегіз жастан бастап қоса алғанда қырық бес жасқа дейінгі әйелдер.

5. Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқытуға 25 оқу сағаты бөлінеді.

6. Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту бойынша сабақтар өткізуге арналған оқыту пункттері азаматтардың жұмыс, оқу орны және тұрғылықты жері бойынша құрылады.

2. Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасы

Р/с №	Тақырыптың атауы	Уақыты	Өткізу нысаны
1	2	3	4
1. Кіріспе			
1.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымы. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі. Соғыс жағдайы енгізілген кезеңдегі әлемдегі әскери-саяси ахуал	1 сағат	Дәріс
2. Азаматтық қорғаныс			
2.	Қазіргі заманғы зақымдау құралдары. Төтенше жағдайларда халықты қорғау жөніндегі негізгі іс-шаралар. Жеке және ұжымдық қорғау құралдары	1 сағат	Дәріс
3.	Инфекциялық аурулардың негізгі топтарының және бактериологиялық (биологиялық) зақымдау ошақтарының сипаттамасы. Карантин және обсервация туралы түсінік	1 сағат	Дәріс

4.	Жаралану, жарақаттану кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету. Таңудың, қан кетуді тоқтатудың құралдары мен тәсілдері	2 сағат	Практикалық сабақ
5.	Жеке қорғау құралдары. Олардың жіктелуі	2 сағат	Практикалық сабақ
3. Тактикалық даярлық			
6.	Жауынгерлік іс-қимылдарды ұйымдастыру негіздері. Ұрыста оқ ату. Оқ ату жүйесі	1 сағат	Дәріс
7.	Сарбаздың ұрыстағы іс-қимылдары. Сарбаз шабуылда	1 сағат	Дәріс
8.	Сарбаз қорғаныста. Бөлімше қорғаныста	1 сағат	Дәріс
4. Оқ ату даярлығы			
9.	Атыс қаруының материалдық бөлігі (АК, ПМ, РПГ). Автоматты (оқшашарды) бөлшектеу және жинау	2 сағат	Практикалық сабақ
10.	Жарықшақты қол гранаталарының материалдық бөлігі	1 сағат	Практикалық сабақ
11.	Атыстың негіздері мен қағидалары	1 сағат	Дәріс
12.	Жылжымайтын нысаналар бойынша орнынан оқ ату	4 сағат	Практикалық сабақ
5. Инженерлік даярлық			
13.	Бекіністі инженерлік жабдықтау және бүркемелеу	1 сағат	Дәріс
14.	Автоматтан, оқшашардан және гранататқыштан атуға арналған жеке және екі адамдық окоптарды жабдықтау	2 сағат	Практикалық сабақ
6. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары			
15.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары туралы түсінік. Әскери ұжымның өмірі мен қызметіндегі жалпыәскери жарғылардың мәні. Әскери қызметшілердің жалпы міндеттері	1 сағат	Дәріс
16.	Әскери атақтар, айырым белгілері. Ротаның тәуліктік нарядының тағайындалуы, құрамы және қару-жарағы. Тәуліктік нарядтың міндеттері	1 сағат	Дәріс
7. Әскери топография			
17.	Жергілікті жерлерде картасыз бағдар алу және азимут бойынша жылжу	2 сағат	Практикалық сабақ
	Барлығы:	25 сағат	